

ЖШС «Абзал» бөбекжай-балабақшасы

Бұйрық

Приказ

2023 жылғы 01 қыркүйек
Шымкент қаласы

№12-п/к

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес құру туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жыл 11 мамырдағы №190 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. ЖШС «Абзал» бөбекжай-балабақшасы әдеп жөніндегі кеңес төмендегі құрам бойынша құрылсын.

1) «Педагогикалық әдеп» кеңесінің төрағасы- ардагер ұстаз Г.У Арипбекова;

2) Шымкент қаласы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын қамтамасыз ету бөлімінің әдіскері – Г.Н.Токкулова ;

3) Шымкент қаласы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын қамтамасыз ету бөлімінің әдіскері – Г.Н.Токкулова;

4) ЖШС «Абзал» бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі –Ж.Меңлибекова;

5) ЖШС «Абзал» бөбекжай-балабақшасы тәрбиешісі–А.Б.Калыбаева;

6) ЖШС «Абзал» бөбекжай-балабақшасы тәрбиешісі –Г.У.Арипбекова;

7) Хатшы –Г.Токкулова.

2. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

ЖШС«Абзал» бөбекжай-балабақшасы
меңгерушісі:



Ж.Меңлибекова

Бұйрықпен таныстым 01.09.23 Менлибекова Ж.О.
(мерзімі) (қолы) (қолтаңбаның толық мәні)

Бұйрықпен таныстым 01.09.23 Токкулова Г.Н.
(мерзімі) (қолы) (қолтаңбаның толық мәні)

Бұйрықпен таныстым 01.09.23 Арипбекова Г.У.
(мерзімі) (қолы) (қолтаңбаның толық мәні)

Бұйрықпен таныстым 1.09.23 КФ Жамбылбаева А.Б

(мерзімі) (қолы) (қолтаңбаның толық мәні)

Бұйрықпен таныстым _____

(мерзімі) (қолы) (қолтаңбаның толық мәні)

Бұйрықпен таныстым _____

(мерзімі) (қолы) (қолтаңбаның толық мәні)



ЖІІІ «Астана» қаласындағы Ғылыми-педагогикалық және Ғылыми-әдістемелік жұмыстар
2023-2024 оқу жылынағы жұмыс жоспары

№	Мазмұны	Мерзімі	Аяқтау жазбасы
1	Педагогикалық әдеп кеңесінің №1 отырысының қаралатын мәселелер: 1. Педагогикалық әдеп кеңесінің құрамын бекіту 2. №1(№) бұйрық және педагогикалық әдеп ережесімен таныстыру 3. Ішкімен қарым қатынас әдебі және қызметтік міндет	Қыркүйек 2023	Хаттама
2	№2 отырыста қаралатын мәселелер: 1. Өзіндіктермен отара сыйластық мәдениеті 2. Педагогтың сөйлеу әдебі және дауыс ырғағы 3. Қиямдыяқ ортадағы мұғалім бейнесі	Желтоқсан 2023	Хаттама
3	Педагогикалық әдеп кеңесінің №3 отырысы: 1. Ата анамен қарым қатынас әдебі 2. Шағым,ұсыныс, түсіндіру мәдениеті 3. Педагогтің әлеуметтік желідегі имиджі	Ақпан 2024	Хаттама
4	Педагогикалық әдеп кеңесінің №4 отырысы: 1. Педагогтің сыртқы келбеті 2. Өзін-өзі тәрбиелеу мен кәсіби даму 3. Жылдық қорытынды, мониторинг және ұсыныстар	Мамыр 2024	Хаттама

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының

№ 1 хаттамасы

01-Қыркүйек 2023 жыл

Қатысқандар: 7

Күн тәртібінде

1. Педагогикалық әдеп кеңесінің құрамын бекіту
2. №190 бұйрық және педагогикалық әдеп кодексімен таныстыру
3. Баламен қарым-қатынас әдебі және қызметтік міндет

СӨЙЛЕДІ:

күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес төрағасы

Арипбекова Г сөзалды:

ТЫҢДАЛДЫ: Бүгінгі отырысымызда педагогикалық әдеп кеңесінің құрамын бекіту мәселесі қарастырылады. Әдеп кеңесі - білім беру ұйымдарында педагогикалық әдеп нормаларын сақтау, ұжымда әділдік пен сыйластықты қалыптастыруға бағытталған алқалы орган болып табылады.

Кеңес құрамы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» және «Педагог мәртебесі туралы» заңдарына сәйкес, сондай-ақ №190 бұйрық негізінде бекітіледі. Әдеп кеңесінің мүшелері ұйымның әділ әрі ашық жұмыс жасауына, педагогтердің құқығын қорғауға, ұжымдық мәселелерді мәдениетпен шешуге ықпал етеді.

Кеңес құрамына басқарушы орган өкілдері, тәжірибелі педагогтер және қоғамда беделі бар қызметкерлер енгізіледі. Бұл құрам педагогикалық әдеп нормаларын сақтауға, бақылау жасауға, ұсыныс беруге және туындаған мәселелерді дер кезінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Осылайша бүгінгі күн тәртібіндегі негізгі міндет-педагогикалық әдеп кеңесінің құрамын бекітіп, алдағы оқу жылында жүйелі жұмыс жүргізу үшін нақты бағыт айқындау болып табылады.

СӨЙЛЕДІ: Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша кеңес мүшесі тәрбиеші А.Б.Калыбаев сөз алды.

ТЫҢДАЛДЫ: Бүгінгі отырыстың маңызды бағыттарының бірі-педагогтердің кәсіби әдеп нормаларын реттейтін №190 бұйрық және педагогикалық әдеп кодексінің негізгі талаптарымен таныстыру. Бұл құжаттар педагогтің қызметтік міндетін орындауға мінез-құлқын, қарым-қатынас мәдениетін және қоғам алдындағы жауапкершілігін айқындайды.

№190 бұйрық педагогтің әдебі мен жүріс-тұрысына қойылатын негізгі талаптарды белгілейді. Атап айтқанда, әр педагог өз кәсіби міндетін атқару кезінде адамгершілік қағидаларын ұстануы, тәрбие мен оқыту үдерісінде әділдік, сыйластық, бейтараптық танытуы тиіс.

педагогикалық әдеп кодексі қызметкерлердің әріптестермен, ата-аналармен, балалармен, сондай-ақ қоғамдық ортада өзін-өзі ұстау мәдениетін реттейді. Кодекс нормаларын сақтау ұжым ішіндегі өзара сыйластықты нығайтып, білім беру сапасын арттырады.

Осы құжаттармен танысу және олардың талаптарын орындау- әрбір педагогтің кәсіби жауапкершілігі. Алдағы уақытта осы нормалар түсіндіру жұмыстары, кеңес беру және тәжірибеде қолдану арқылы нақты іске асырылатын болады.

СӨЙЛЕДІ: Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша кеңес мүшесі Шымкент қаласы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын қамтамасыз ету бөлімінің әдіскері Токкулова Г сөз салды:

ТЫҢДАЛДЫ: Бүгінгі баяндаманың негізгі мақсаты-педагогтің балаға деген қарым-қатынасына қойылатын әдептік талаптарды нақтылау және қызметтік міндетті орындаудағы жауапкершілікті еске алу.

Баламен қарым-қатынас әдебі ең алдымен құрмет, шыдамдылық, мейірімділік және әділдік қағидаларына негізделуі тиіс. Баланың жас ерекшелігін, темпераментін, психологиялық жағдайын ескере отырып қарым-қатынас орнату-педагогтің кәсіби міндетінің бір бөлігі.

Қазақстан Республикасының заңнамасына және №190 бұйрыққа сәйкес, педагог баланың ар-намысы мен құқығын қорғауға, сенімді орта қалыптастыруға, дөрекілікке жол бермеуге міндетті. Дауысты көтеру, кемсіту, қорқыту немесе салғырт қарау-әдепке қайшы әрекеттер болып есептеледі.

Сонымен қатар мұғалімнің қызметтік міндеті тек оқыту және тәрбиелеумен шектелмейді. Ол баланың психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуші тұлға. Тыңдау мәдениеті, түсіндіру тәсілі, тіл табысу дағдысы әр педагогтің күнделікті тәжірибесінде көрініс табуы қажет.

Осы бағыттағы жұмыстар жыл бойы бақылауда болып, қажет жағдайда әдістемелік қолдау, кеңес беру және ата-анамен бірлескен түсіндіру шаралары ұйымдастырылады.

СӨЙЛЕДІ: Қорытынды сөз. Кеңес төрағасы Арипбекова Г сөз алды.

ТЫҢДАЛДЫ: Құрметті кеңес мүшелері және отырысқа қатысушылар! Бүгінгі бас қосуда педагогикалық әдеп кеңесінің құрамы бекітіліп, №190 бұйрық пен педагогикалық әдеп кодексінің негізгі талаптары талқыланды. Сондай-ақ баламен қарым-қатынас әдебі және қызметтік міндеттер төңірегінде маңызды мәселелер қозғалды.

Осы айтылған бағыттар әр қызметкердің күнделікті жұмысында басшылыққа алынуы тиіс. Сондықтан әріптестерді өз кәсіби міндеттеріне жауапкершілікпен қарап, әдеп нормаларын сақтауға шақырамын

Кеңес шешімі:

1. Кенесқурамыбектілсін
2. Барлықпедагогтер №190 бұйрықталаптарыментаныстырылсын.
3. Баламенқарым-қатынасәдебінсактаубойыншабақылаужүргізілсін.

Кенес төрағасы:  Ж.О.Менлибекова

Хатшы:  Г.Токкулова

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының

№2 хаттамасы

04- Желтоқсан 2023 жыл

Қатысқандар: 7

Күн тәртібінде

№2 отырыста қаралатын мәселелер:

2. Өріптестермен өзара сыйластық мәдениеті
- 2 Педагогтың сөйлеу әдебі және дауыс ырғағы
- 3 Қоғамдық ортадағы мұталім бейнес

СӨЙЛЕДІ: Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес төрағасы Ж.О.Менлибекова сөз алды.

ТЫҢДАЛДЫ:Ұжымдағы сыйластық пен өзара қолдау-педагогикалық ортаның сапасын айқындайтын басты көрсеткіштердің бірі. Өріптестер арасындағы қарым-қатынас мәдениеті тек еңбек нәтижесіне ғана емес, тұтас моральдық-психологиялық ахуалға әсер етеді.

Педагогикалық әдеп нормалары бойынша ұжым мүшелері бір-бірімен әдепті сөйлесуге, тыңдай білуге, пікір алмасуда сабырлы болуға және бірінің беделіне нұқсан келтірмеуге міндетті. Дауыс көтеру, келемеждеу, менсінбеу, өсек немесе дөрекі мінез көрсету- қызметтік этикаға қайшы әрекеттер болып саналады.

Қазақстан Республикасының №190 бұйрығында әріпестік қатынаста сыйластық, әділдік, жауапкершілік және сенім қарым-қатынасы сақталуы тиіс екені нақты көрсетілген. Сонымен бірге, ұжым ішіндегі талқылауларда жеке тұлғаға емес, мәселенің мәніне назар аудару маңызды.

Өзара көмектесу, тәжірибе алмасу, жанашырлық таныту -кәсіби ортадағы мәдениеттіліктің белгісі. Осындай ұстанымдар сақталған жағдайда жұмыс өнімділігі, әріптестік ахуал және тәрбие сапасы артады.

СӨЙЛЕДІ:Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша кеңес мүшесі Шымкент қаласы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын қамтамасыз ету бөлімінің әдіскері –Токкулова Г сөз алды.

ТЫҢДАЛДЫ:Педагогтың сөйлеу әдебі- оның кәсіби мәдениетінің маңызды құрамдас бөлігі. Балалармен, ата-аналармен және әріптестермен дұрым қарым-қатынас орнату көбіне дауыс ырғағы мен тілдік мәдениетке байланысты.

Педагогтың сөзі анық, түсінікті, сыпайы және келемежден тыс болуы тиіс. Педагогикалық әдеп нормаларына сай дауыс көтеру, бұйрықты сөйлеу, ашуланшақтық немесе менсінбеу реңкіне жол берілмейді. Әңгіме барысында сабырлы үн, жылы интонация, тыңдай білу дағдысы үлкен роль атқарады.

190 бұйрыққа сәйкес, педагог кез келген жағдайды түсіндіру кезінде әдепті сөз болданып, тұлғаның жеке қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті. Әсіресе балаға бағытталған сөйлеу мәнері оның психологиялық жай-күйіне әсер ететінін естен шығармау қажет.

Дауыс ырғағы тек ақпарат берудің құралы емес, тәрбиелік ықпалы бар тәсіл болып табылады. Сенімді, сабырлы, жұмсақ үн баланың сенімін арттырып, ынталандырады. Ал қатал немесе немқұрайлы интонация жағымсыз эмоция тудыруы мүмкін.

Сөйлеу мәдениетін жетілдіру үшін өзін-өзі бақылау, айна алдында жаттығу, дикцияны реттеу және кәсіби этика талаптарын сақтау маңызды. Бұл педагог беделін нығайтып, ұжымдық қарым-қатынасты жақсартады.

СӨЙЛЕДІ: Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша кеңес мүшесі Г.У.Арипбекова тәрбиеші сөз алды.

ТЫҢДАЛДЫ: Мұғалімнің қоғамдық ортадағы бейнесі-білім беру мекемесінің ғана емес, тұтас қоғамның мәдени деңгейін көрсететін маңызды көрсеткіш. Педагог қызмет барысында да, қоғамдық орындарда да өз абыройын сақтап, әдеп нормаларын ұстануы тиіс.

Педагогикалық кодекс пен №190 бұйрыққа сәйкес, мұғалімнің сыртқы келбеті, сөйлеу мәнері, мінез-құлқы және қоғамдық ортадағы әрекеті кәсіби этикамен үйлесімді болуы қажет. Белгілі ортада педагогтің мәдениетті, салмақты, кішіпейіл болуы-оның беделін арттыратын фактор.

Мұғалім тек өз сабағында ғана емес, әлеуметтік желілерде, қоғамдық іс-шараларда, ата-аналармен кездесуде де өнегелі тұлға ретінде көрінуге міндетті. Ашық дауға түсу, жағымсыз пікірлер тарату немесе дөрекі әрекеттер көрсету ұжымның имиджіне нұқсан келтіреді.

Сонымен қатар, педагогтің жеке үлгісі тәрбиелік мәнге ие. Балалар мен ата-аналар мұғалімнің жүріс-тұрысына қарап сенім қалыптастырады. Сол себепті әр әрекетте мәдениеттілік, жауапкершілік және адамгершілік қағидаларын сақтау маңызды.

Қоғамдық ортадағы ұстаз бейнесі-оның беделімен қатар, мекеменің абыройының көрінісі. Әдеп нормаларын сақтау осы жауапкершілікті нығайтады.

СӨЙЛЕДІ: Қорытынды сөз. Кеңес төрағасы сөз алды. Ж.О.Менлибекова

ТЫҢДАЛДЫ: Бүгінгі педагогикалық әдеп кеңесінің отырысында маңызды тақырыптар-әріптестер арасындағы өзара сыйластық мәдениеті, педагогтің сөйлеу әдебі мен дауыс ырғағы, сондай-ақ қоғамдық ортадағы мұғалім бейнесі талқыланды. Мұғалімнің кәсіби беделі мен тұлғалық мәдениеті-ұжымның бірлігі мен беделінің айнасы. Сондықтан әр ұстаз өз мінез-құлқында, сөйлеу мәдениетінде және қарым-қатынасында жоғары әдептілік пен жауапкершілікті ұстануы қажет. Барлық педагогтарды өз кәсіби және адамгершілік бейнесін үнемі жетілдіруге, ұжымда жағымды моральдық-психологиялық ахуал орнатуға шақырамын.

Кенес шешімі:

1. Әріптестермен сыйластық қарым-қатынас нығайту бойынша жұмыс жалғастырылсын.
2. Сөйлеу әдебі мен дауыс ырғағын бақылау күшейтілсін
3. Қоғамдық ортада педагог имиджін сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін

Кенес төрағасы :



Ж.О.Менлибекова

Хатшы:



Г.Токкулова

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының

№3 хаттамасы

16- Ақпан 2024 жыл

Қатысқандар: 7

Күн тәртібінде

Педагогикалық әдеп кеңесінің №3 отырысы .

- 1.Ата анамен әдепті қарым-қатынас орнату жолдары
- 2.Балабақша ішіндегі ішкі мәдениет және сыйластық
- 3 Педагогикалық жанжалдың алды алу және шешу әдебі

СӨЙЛЕДІ: Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес төрағасы Арипбекова Г сөз алды.

ТЫҢДАЛДЫ:Педагог пен ата-ана арасындағы дұрыс қарым-қатынас баланың дамуына, тәртібіне және тәрбиесіне тікелей әсет етеді.Сондықтан байланыс орнатуда әдеп нормаларын сақтау-кәсіби міндеттің маңызды бөлігі.

Ата-анамен сөйлесуде ұстамдылық,сабырлылық, тыңдай білу және түсіндіру мәдениеті сақталуы тиіс. Дауыс көтеру, кінә тағу немесе немқұрайлық таныту жағдайды ушықтыра түседі. №190 бұйрық талаптарына сәйкес, педагог ата-анамен әрдайым сыпайы әрі құрметті тілде сөйлесуі қажет

Қарым-қатынаста:

- *Баланың ерекшелігі мен ахуалын ескеру
- *Ата-ананың пікірін тыңдау
- *Қажетті ақпаратты нақты әрі қысқа жеткізу
- *жеке сұхбатты көпшілік аодында көтермеу
- *келісім арқылы мәселені бірлесіп шешу маңызды

Сонымен қатар,ата-ананың педагогке сенім білдіруі үшін өз ісіне жауапкершілікпен қарау,уәде бермеу, құпиялықты сақтау және кәсіби ұстанымды жоғалтпау қажет.

Әдепті байланыс орнаған жағдайда педагог, бала және ата-ана арасындағы ынтымақтастық нығайып, тәрбиелік үдерістің тиімділігі артады.

СӨЙЛЕДІ:Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша кеңес мүшесі Шымкент қаласы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын қамтамасыз ету бөлімінің әдіскері К.А.Абеновасөз алды:

ТЫҢДАЛДЫ:Балабақша ұжымындағы ішкі мәдениет-қызметкерлердің өзара қарым-қатынасы мен ұйым имиджінің көрсеткіші.Ішкі мәдениетті қалыптастыруда

нормаларын сақтау, сыйластық таныту және ортақ жауапкершілікті сезіну
роль атқарады.

техникалық кеңістік тек балаларға емес, әріптестер мен техникалық
қызметкерлерге де ықпал ететін орта болып табылады. Сондықтан сөйлеу әдеба,
мәдениеті, уақытты бағалау және бір-біріне құрметпен қарау - кәсіби этиканың
негізгі талаптары.

жымды:

өзара қолдау;

пікір алмасуда ашықтық;

* дау-жанжалға жол бермеу;

* кемсіту мен өсекке қарсы көзқарас;

* ортақ шешімге бағыну тәртібі сақталуы тиіс.

№190 бұйрықтың талаптарына сай, педагог балабақша ішінде дөрекілікке, орынсыз
сынға, басқа қызметкердің беделін түсіретін әрекеттерге жол бермеуі керек.
Әдептілік-ұйымның моральдық ахуалы мен ата-ана алдындағы абыройынан тікелей
әсер етеді.

Құрметке негізделген ішкі мәдениет ұжымға жағымды психологиялық климат
қалыптастырады және еңбек өнімділігін арттырады.

СӨЙЛЕДІ: Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша кеңес мүшесі
А.Б.Калыбаева тәрбиешісөз алды.

ТЫҢДАЛДЫ: Білім беру ұйымында жанжалдың туындау себептері әртүрлі болуы
мүмкін: пікір қайшылығы, өзара түсінбеушілік, эмоциялық қысым немесе кәсіби
талаптардың орындалмауы. Мұндай жағдайлардың алдын алу - педагогикалық
әдептің маңызды міндеттерінің бірі.

Жанжалды болдырмау үшін әріптестер арасында ашық диалог, сабырлылық,
сыпайылық және мәселені дер кезінде талқылау қажет. Кікілдің туындаған
жағдайда айыптаудан емес, мәселенің себебін анықтаудан бастау маңызды.

№ 190 бұйрық талаптарына сәйкес, педагог дөрекілікке, айғайға, эмоциялық
қысымға және жағымсыз пікір таратуға жол бермеуі тиіс. Әңгімелесу барысында
дауыс ырғағын сақтап, әдепті сөз қолдану, қарсы тарапты тыңдай білу және ортақ
шешімге келу-өзара сыйластық белгісі.

Жанжалды шешуде:

* бейтарап тыңдау;

* үшінші тарап немесе кеңес көмегіне жүгіну;

* жеке әңгіме жүргізу;

*факт негізінде талдау жасау тиімді.

Мәдениетті қарым-қатынас пен өзара түсіністік жанжалды ушықтырмай, дұрыс бағытта реттеуге мүмкіндік береді. Осындай әдебін сақтаған ұжымда кәсіби ахуал тұрақты болады.

СӨЙЛЕДІ: Қорытынды сөз. Кеңес төрағасы Г.У.Арипбекова сөз алды.

ТЫҢДАЛДЫ:Бүгінгі отырыста ата-анамен әдепті қарым -қатынас орнату,балабақша ішіндегі ішкі мәдениет пен сыйластықты сақтау,педагогикалық жанжалдардың алдын алу және оларды шешу жолдары жайында маңызды мәселелер талқыланды. Барлық педагогтерге кәсіби әдебі мен қарым-қатынас мәдениетін жетілдіру, өз іс-әрекетінде сабырлылық пен парасаттылық таныту, ата-анамен және әріптестермен өзара сыйластық негізінде жұмыс жасау тапсырылды.

Кеңес шешімі:

1. Педагогтерге ата-анамен байланыс орнатуда әдептілік пен өзара түсіністік мәдениетін сақтау ұсынылсын.
2. Әр топтағы ішкі тәртіп пен өзара сыйлстық деңгейіне тұрақты бақылау жүргізілсін.
3. Педагогикалық ұжымды туындауы мүмкін келіспеушіліктерді шешуде кеңес мүшелері мен меңгеруші тарапынан қолдау көрсетілсін.
4. Әдеп нормалары мен педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті бойынша түсіндіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.

Кеңес төрағасы: :



Ж.О.Менлибекова

Хатшы:



Г.Токкулова

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының

№4 хаттамасы

12- Мамыр 2024 жыл

Қатысқандар: 7

Педагогикалық әдеп кеңесінің №4 отырысы .

- 3 Балаларға бағытталған зорлық-зомбылықтың алдын алу
- 4 Педагогтың қызметтік ақпаратты жарияламау әдебі
- 5 Әдептік нормаларын сақтамаудың жауапкершілігі

СӨЙЛЕДІ:Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес төрағасы Арипбекова Г сөз алды.

ТЫҢДАЛДЫ:Балаларға қатысты зорлық-зомбылық ұғымы тек физикалық әрекеттермен шектелмейді.Психологиялық қысым, дөрекі сөз, қорқыту, кемсіту, дөрекі үнмен сөйлеу сияқты сөздік әсерлер де баланың дамуына теріс ықпал етеді.Педагогикалық ортада мұндай жағдайлардың алдын алу-кәсіби міндет пен заңды жауапкершілік болып абылады.

№190 бұйрықтың талаптарына сәйкес, педагог баланың ар-намысы мен жеке құқығын құрметтеп, қандай да бір агрессияға жол бермеуі тиіс. Баламен сөйлесу барысында сенімді, сабырлы түсіністі қарым-қатынас орнату маңызды. Дауысты көтеру, қорқыту,ата-анасын алға тарту, салыстыру немесе ашуланып сөйлеу-психологиялық зорлыққа жатады.

Сонымен қатар, баланы көпшілік алдында ұялатын сөз айту, мінезін мазақ ету, елемеу немесе талапты дөрекі түрде жеткізу де зиянды әрекет болып есептеледі. Мұндай жағдайлар баланың сенімін жоғалтып, қорқыныш пен күйзеліс тудыруы мүмкін.

Зорлық-зомбылықтың алдын алу үшін:

- *педагог өзін-өзі бақылауы тиіс;
- *сөйлесу әдебін сақтауы қажет;
- *баланың ерекшелігін ескеруі керек;
- *жанжал туындаса, әдепті тәсілмен түсіндіруі маңызды.

Баланың қауіпсіз психологиялық ортасын қамтамасыз ету- ұжымдық жауапкершілік. Әр педагог өзінің сөзі мен қарым-қатынасына мән бере отырып, балаға қолайлы, сенімді атмосфера қалыптасыруы қажет.

СӨЙЛЕДІ:Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша кеңес мүшесі тәрбиеші Г.У.Арипбекова сөз алды.

ТЫНДАЛДЫ: Педагог қызмет барысында балаларға, ата-аналарға және тұлғаларға қатысты түрлі құпия ақпараттармен жұмыс істейді. Мұндай мәліметтерді сақтау, қорғау және рұқсатсыз таратпау-кәсіби этиканың және ақпараттық талаптардың маңызды бөлігі.

№190 бұйрыққа сәйкес, педагогқа қызметтік ақпаратты сыртқа шығаруға жеке тұлғаларға қатысты деректерді жариялауға немесе әлеуметтік желіде таратпау міндеті жүктеледі. Баланың денсаулығы, отбасы жағдайы, мінез-құлқы, ата-анасының өтініштері сияқты мәселелер құпия болып саналады.

Сонымен қатар, ұжым ішіндегі талқылауға арналған шешімдер мен директорлық нұсқаулықтарды өзгелерге жеткізу, ресми емес ортада өсекке айналдыру немесе құжат мазмұнын жария ету-әдепке қайшы әрекет. Мұндай жағдайлар мекеменің беделіне зиян келтіреді және сенімсіздік туғызады.

Қызметтік ақпаратты қорғау үшін педагог:

- *жеке әңгімелерді жарияламауы;
- *ата-ананың жеке өтінішін көпшілікке таратпауы;
- *әлеуметтік желіде бала суреттерін немесе мәліметін рұқсатсыз жарияламауы;
- *ішкі құжаттарды үшінші тұлғаларға бермеуі тиіс.

Бұл талаптарды сақтау-кәсіби мәдениетінің белгісі және балабақшаның этикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін маңызды шарт.

СӨЙЛЕДІ: Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша кеңес мүшесі тәрбиеші А.Б.Калыбаева сөз алды.

ТЫНДАЛДЫ: Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау-тек кәсіби мәдениетінің көрсеткіші емес, сондай-ақ заңды міндет. Әдеп ережелерін бұзу педагогтің беделіне ғана емес, мекеменің абыройына да кері әсер етеді. Сондықтан жауапкершілік мәселені алдын ала түсіндеру өте маңызды.

№190 бұйрықта және «Педагог мәртебесі туралы» заңда әдептілік қағидаларын сақтамаған жағдайда педагогке тәртіптік шара қолданылатыны нақты көрсетілген. Бұл шаралардың түрлері:

- *Ескерту жасау;
- *Сөгіс жариялау;
- *Қызметіне сәйкес емес әрекет бойынша түсініктеме талап ету;
- *Уақытша шектеу немесе лауазымынан босату;
- *Еңбек шартын бұзу.

Әдеп бұзушылыққа жатады: балаға дөрекі сөйлеу, психологиялық қысым көрсету, әріптесті кемсіту, ата-анамен жанжал туындату, заңсыз ақпарат тарату, қоғамда педагог беделіне нұқсан келтіру.

жауапкершіліктің қолданылуы әр жағдайдың деңгейіне байланысты каралады. Әдеп кеңесі мен әкімшілік осындай жағдайларды талдап, қажетті шара қабылдайды.

Әдеп нормаларын сақтамаудың алдын алу үшін әр педагог өз әрекетіне талдау жасап, кәсіби әдеп кодексіні басшылыққа алуы қажет. Бұл ұжымдық мәдениетті нығайтып, беделді орта қалыптастыруға ықпал етеді.

СӨЙЛЕДІ:Қорытынды сөз. Кеңес төрағасы Г.У.Арипбекова алды:

ТЫҢДАЛДЫ:Бүгінгі отырыста балаларға бағытталған зорлық-зомбылықтың алдын алу, педагогтің қызметтік ақпаратты жарияламау әдебі және әдеп нормаларын сақтамаудың жауапкершілігі жөнінде маңызды мәселелер қаралды. Педагог мамандығы -жоғары жауапкершілікті, үлкен сенім артылған кәсіп. Сондықтан әрбір тәрбиеші мен педагог баламен қарым-қатынаста жылы сөз, ізгі ниет және сабырлылық танытып, кәсіби этика талаптарын қатаң сақтауы қажет. Барша ұжым мүшелерін бала құқығын қорғау мен педагогикалық әдепті сақтау мәдениетін үнемі назарда ұстауға шақырамын.

Кеңес шешімі:

1. Педагогтерге балаларға қатысты кез келген зорлық-зомбылықтың (физикалық, психологиялық, сөздік) түрін болдырмау бағытында түсіндіру және алдын алу жұмыстарын күшейту тапсырылсын.
2. Әр педагог қызметтік және жеке ақпаратты жарияламау жөніндегі әдеп нормаларын басшылыққа алсын.
3. Әдеп нормаларын бұзу жағдайларында №190 -бұйрық негізінде тиісті шаралар қолданылатыны ескертілсін.
4. Кеңес мүшелері педагогикалық әдепті сақтау бойынша бақылау және әдістемелік көмек жұмыстарын жүйелі түрде жүргізісін.

Кеңес төрағасы: :  **Ж.О.Менлибекова**

Хатшы:  **Г.Токкулова**